

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Журналистика факультеті
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы

«Кино туралы мәтін жазу»
пәні бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің коды: GZhDTK 3307
Пәннің ID: 98625

«6B02101 – Баспасөз және электронды БАҚ»
білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: бакалавр
Курс – 2
Семестр – 3
Кредит саны – 9

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты:

Фильмді құрылымдық тұрғыдан кәсіби талдау тәсілдеріне үйрету, сезімдерді, эмоцияларды, бейнелі-ассоциативті ойлауды және көркем шығармашылық қабілеттерді дамыту; көркемдік-эстетикалық талғамды қалыптастыру; әлемдік өнер тарихындағы стильдер мен бағыттар туралы білімді игеру, олардың ерекшеліктері туралы; отандық және шетелдегі өнер, әсіресе кино өнеріндегі мәдениетпен таныс болу; кино өнері туындыларын талдай білу, оларды бағалаудың көркемдік ерекшеліктерін үйрену; аталмыш пәнді игере отырып, өзінің мәдени ортасын саналы түрде қалыптастыру.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Белгілі жүйе және салыстырмалы талдау.
2. Заманауи кинематографияға кәсіби талдау жасау.
3. Заманауи ұлттық БАҚ қызметін жетік білу.
4. Кино саласындағы кәсіби мәселелерін шешу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану.
5. Қоғамдағы қазіргі коммуникациялық үдерістерді және кинодағы журналистиканы талдауда теориялық білімді пайдалану.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар:

1 МОДУЛЬ. Кино туралы мәтін жазу пәні және өзектілігі.

1. Кино өнерінің даму және қалыптасу кезеңі, қоғамдық мәні.
2. Кинодағы сөз өнерінің рөлі. Диалог.
3. Сценарий жазудағы сторителнингтің маңызы.
4. Логлайн. Концепция жасау процесі.
5. Тақырып таңдау және ойлану (идея) процесі.
6. Материалды салыстыру процесі.
7. Сценарийдің құрылымын түзу процесі.

2 МОДУЛЬ. Мәтін жазу және оны редакциялау тәсілдері.

1. Кейіпкерлерді таңдау процесі.
2. Синопис, тритмент.
3. Аутлайн. Сценарий жазуға дайындық процесі.
4. Материалды сұрыптау процесі.
5. Сценарий жазу.
6. Сценарийдің алғашқы нұсқасы.
7. Сценарийді өңдеу кезеңі.
8. Толық нұсқаны талқылау процесі.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі:

Негізгі әдебиеттер:

1. Бордуэлл, Д. Кино өнеріне кіріспе [Мәтін] / Д. Бордуэлл, К. Томпсон, Д. Смит; Аудармашылар: Ибраимова М.С., Кенжебаева Ұ.Е., Әлжан А.Қ.- 11-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 728 б. ISBN 978-601-7943-96-7:
2. Фрейлих, С.И. Кино теориясы [Мәтін]: Эйзенштейннен Тарковскийге дейін / С.И. Фрейлих; Аудармашылар: Меңдеке Ә.Н., Қараева Р.Р., Айтбаева А.Б., Жеңісұлы Е., Жолдасбаева Г.С.- 8-ші басылым.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2020.- 412 б. ISBN 978-601-7621-07-0
3. Фрейлих, С.И. Теория кино: от Эйзенштейна до Тарковского [Текст]: Учебник / С.И. Фрейлих.- М.: Академический проект, 2015.- 512 с. ISBN 978-5-8291-1721-4:
4. Бельенский, И. История кино [Текст]: Киносъемки, кинопромышленность, киноискусство / Игорь Бельенский.- М: Альпина Паблицер, 2020.- 405 с. ISBN 978-5-9614-1813-2

Қосымша:

5. Рахманқызы, Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін [Мәтін]: зерттеулер мақалар рецензиялар сұхбаттар / Н. Рахманқызы.- Астана: Фолиант, 2017.- 464 б. ISBN 978-601-302-610-7
6. Ногербек, Б. Казахское игровое кино: фольклорные традиции и образ героя [Текст]: Монография / Б. Ногербек, Б. Ногербек.- Алматы: Каратау КБ, Дәстүр, 2014.- 424 с. ISBN 978-601-72204-
7. Құсайын Ж. Киносценарий әліппесі. Алматы, 2022. 264-б.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша қисынды жеткізу, өз көзқарасын дәлелдей білу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақ бар:

1-сұрақ: 1 *критерий*. Теорияны және курс тұжырымдамасын білу. 2 *критерий*. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіну және растау.

2-сұрақ: 3 *критерий*. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша практикалық тапсырмаларға қолдану. 4 *критерий*. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені ашу және шешу.

3-сұрақ: 5 *критерий*. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау. 6 *критерий*. Өз тәжірибесінен алынған нәтиженің негіздемесі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парақтарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Бөгде адамның жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы Ережелерді бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Кешігіп келген білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінез-құлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы:

1) емтихан жұмыстарын жинайды;

2) әр жауап парағында жұмысты жазудың аяқталу белгісін қояды – Х әрпі;

3) деканат маманына шифрлауға келу парақтарымен бірге жауап парақтарын ұсынады.

2.4.7. Деканат маманына шифрлау үшін жұмыстарды ұсыну кідірітілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу «F» бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Ережелерді қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күшін жою үшін шағымдану және апелляция қабылданбайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Кино туралы мәтін жазу: Стандартты жазбаша offline. Платформасы: Univer АЖ

№	Балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %
1 сұрақ	Критерий Сын негіздері мен теориялық тұжырымдамаларды түсінуі	Сын негіздері бойынша фильмнен алған әсерін жаңа терминдер арқылы көркем тілмен еркін жеткізе алады, авторлық көзқарасы байқалады.	Рецензенттің кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінеді.. Фильм сюжетін қысқаша суреттей алады.	Рецензенттің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі туралы теориялар мен тұжырымдамаларын түсінуі шектеулі. Жазба жұмысқа тақырып қоя алады.	Рецензенттің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Шығармашылық топ туралы хабары бар (дәйексөздер) берілмейді.	Пәннің негізін қарастыратыны туралы жалпы түсінігін өз сөзімен жүйелі жеткізе алмайды.
2 сұрақ	Кәсіби сәйкестілік және отандық киносыншылардың кәсібилігі негізгі мәселелерін ұғынуы	Талапкердің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын жақсы байланыстырады. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Рецензенттің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын отандық киносыншылардың еңбектерімен байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	рецензенттің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі тұжырымдамаларының отандық киносыншылардың еңбектерімен байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Рецензенттің кәсіби сәйкестігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.	Жазбаша емтихан жұмысын қалай орындау керектігін білмейді. Өзіндік пікір, қорытынды тұжырым жасауды меңгермеген.

3 сұрақ	Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Қазақстанда мәтінжазушылардың кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты рухани және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мәтін жазушылардың кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігін арттыру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Рухпният пен практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.	
	Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.	

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = (%1+%2+%3+%4+%5+%6) / К, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, К- критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
1.	1 критерий	100				
2.	2 критерий		75			
3.	3 критерий			60		
4.	4 критерий				45	
5.	5 критерий	100				
6.	6 критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200 + 75 + 60 + 94 = 429 429 / 6 критерийлер = 71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. **72 балл** 70 баллдан 89 баллға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**» **72 баллға** бағаланатын болады.

Декан _____ К. Әуесбайұлы

Кафедра меңгерушісі _____ А. Альжанова

Дәріскер _____ А. Дүйсенбі

